



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 14-28 қазан аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 31 қазан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 28 қазанда теңгенің нарықтық бағамы қаралып отырған кезеңде 2,1%-ға (476,89 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 467,00 теңге деңгейінде қалыптасты.


2022 жылғы 14-28 қазан аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. АҚШ-тың ЖІӨ көрсеткіші екі тоқсан бойы төмендегеннен кейін 3-тоқсанда тоқ/тоқ 2,6%-ға өсті. ЕОБ негізгі мөлшерлемені 2%-ға дейін 75 б.т. көтерді. АҚШ ФРЖ агрессивті ақша-кредит саясатының экономикаға әсер ету (қыркүйекте АҚШ-тағы жаңа үйлерді сату 10,9%-ға төмендеді) және мөлшерлемені арттыру қарқынының ықтимал бәсеңдеуін күту белгілері қазынашылық облигациялары мен DXY индексі кірістілігінің біршама төмендеуіне ықпал етті.

Бұл факторлар дамушы нарықтардағы валюталардың әртүрлі бағыттағы динамикасын құрды.


Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- **Мексика песосы** АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің төмендеуі, сондай-ақ елдегі жұмыссыздық көрсеткішінің қыркүйекте 3,34%-ға дейін азайғаны туралы деректердің шығуы аясында 1,4%-ға (20,08-ден 19,8-ге дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** инвесторлардың АҚШ ФРЖ мөлшерлемені көтеру қарқынының бәсеңдеуін күтуі, сондай-ақ Үкіметтің орта мерзімді кезеңге арналған бюджетті ұсынуы: салықтық түсімдердің жақсаруына байланысты 15 жылда алғаш рет Қаржы министрлігінің алдағы жылы бюджет профицитін күтуі аясында 1,3%-ға (18,36-дан 18,13-ке дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** экспорттаушылардың салықтық аударымдарды жүзеге асыруы аясында 0,9%-ға (62,11-ден 61,52-ге дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** 0,6%-ға (5,33-тен 5,3-ке дейін) нығайды. Президентті сайлауға байланысты белгісіздік Бразилия реалына қысым жасауда;
- **үнді рупиясы** алдағы аптада Орталық банктің кезектен тыс отырысы туралы хабарландыру аясында 0,1%-ға (82,36-дан 82,48-ге дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** инфляция көрсеткішінің 83% болуына қарамастан, Орталық банктің мөлшерлемені 12%-дан 10,5%-ға дейін кезекті төмендетуі аясында 0,5%-ға (18,49-дан 18,59-ға дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** соңғы қолжетімді күн 25 қазанда борыш нарығынан (-)60,9 млн АҚШ долларын әкетудің жалғасуы аясында 0,8%-ға (15 427-ден 15 554-ке дейін) әлсіреді.



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың басынан бастап 28 қазанға дейінгі аралықта)**



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылғы 14-28 қазан аралығында)**



Дамушы елдер валюталарының динамикасы
(2022 жылғы 14 қазан = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press.nationalbank.kz

www.nationalbank.kz